

**Қазақстан Республикасы**  
**Білім және ғылым министрлігі**

**Түркістан облысы**

**Келес ауданы**

*№ 49 «Қоңыртөбе» жалпы білім беретін орта мектебі  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

**Дебат /пікір – талас/**

Тақырыбы: **«Ғаламтор кітапты алмастыра  
ала ма? »**

*Мектеп кітапханашысы: Оспанова Ш*

**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**



Мектеп директоры:  Н. Ерсейитов

## Көпшілік жұмыстың іс - жоспары.

Тақырыбы: Ғажалар кітапханасына аласың ма?

Жұмыс түрі: дебат / пікір - талас.

Күні: 25.11.2021ж.

| қ/с | Атқарылатын жұмыс              | Уақыты   | жауапты         |
|-----|--------------------------------|----------|-----------------|
| 1.  | Ұйымдастыру кезеңі             | 2 минут  | кітап - ханалық |
| 2.  | Кіріспе сөз.                   | 5 минут  | солмақ          |
| 3.  | Скиперлердің сөзі.             | 10 минут | жетекшілер      |
| 4.  | Қойылымдар сұрақтар ой қозғау. | 20 минут |                 |
| 5.  | Сарапшылардың сөзі.            | 5 минут  |                 |
| 6.  | Қорытындылау.                  | 3 минут  |                 |
|     |                                |          |                 |
|     |                                |          |                 |

Дайындаған кітапханашы:  Оспанова Ш

Сабақтың тақырыбы: «Ғаламтор кітапты алмастыра ала ма?»  
атты     дебат /пікір – талас/

Құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бүгін сіздер «Ғаламтор кітапты алмастыра ала ма?» атты мектебіміз оқушылары арасындағы дебатта бас қосып отырсыздар. Кейінгі кезде «Кітапты қайтесің, барлығы да интернетте тұрған жоқ па? Қазір кітаптың емес, компьютердің заманы» дейтін пікірлер белең алып тұрғаны жасырын емес. Кітап жастанып, ұйқыға мүлгіген жандар немесе технологиялық мүмкіндіктерге бойұсынған оқырманға сауал... Кітаптың орнын ғаламтор алмастыра ала ма? осы жайында бүгін біздің оқушыларымыздың өз ойлары жөнінде .

**Дебат сайысымыздың мақсаты:**

1. **Білімділік:** оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны және кітап туралы мағлұмат бере отырып, жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге үйрету;
2. **Дамытушылық:** Оқушыларға кітап және интернет туралы толық мәлімет беру, ой-өрісін дамыту;
3. **Тәрбиелік:** Оқушыларды өз ойларын ашық, нақты, тиянақты жеткізе білуге тәрбиелеу;

**Қатысатын топтар:**

**Сабақтың түрі:** дебат /пікір – талас/

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру

**Сабаққа қажетті материалдар:** слайд, қанатты сөздер,

**Сабақтың барысы:**

1.Ұйымдастыру кезеңі:

2.   Кіріспе сөз

3. **Негізгі бөлім (пікір – талас, ой бөлісу):**

1. Кітап және ғаламтордың пайда болуы жайлы. (топ басшылары 3 – 6 минут).

2 Кітаптың пайдасы мен зияны ( 1 – жақтаушы, 1 – даттаушы) 3 – 6 минут.

3 Ғаламтордың пайдасы мен зияны. Ғаламтор досымыз ба, әлде жауымыз ба? ( 2 – жақтаушы, 2 – даттаушы) 3 – 6 минут.

4. қорытынды сөзі. (3 – жақтаушы, 3- даттаушы) 5 – 10 минут.

5 Сарапшылардың пікілері

6. Көрермендер пікірі, тілегі.

7. Қорытынды сөз. (кітапханашы)

«Ғаламтор кітапты алмастыра ала ма?

тақырыбында «Ғаламтор» тобы сөз қозғайды. Яғни жақтаушылар

құрамында 1. Қыдырбек Жүзгіз

2. Айтбаев Аружан

3. Анорбек Нозерке

4. Артыбай Қозома

Ғаламторды даттаушылар «Кітап» тобы, даттаушылар құрамымен таныс

Болыңыздар 1. Бағибай Мажна

2. Аманжолдин Исмаилов

3. Бағибай Бакур

4. Абдрахман Аружан

Әділ қазы, ақ қазыға бір сәлем Әділдікке бас иеді  
күллі әлем Жүйрік озар айтыстыра неше бір Сарапқа  
сап, әділдікпен шеше біл демекші әділ қазы  
мүшелерімен таныс болыңыздар.

Сарапшыларымыз: -----

Бейсенбаев Жгіс

Юлатов Қарматан

Сметанов Қарматан

Қоспадан тоспадан сараланды

### **Кіріспе сөз.**

Сайысымызды бастамастан бұрын «Кітап дегеніміз не?» және ғаламтордың біздің өмірімізде алатын орны туралы кішкене әңгіме қозғасақ. Кітап дегеніміз не? Кітап дегеніміз – білімнің бас құралы. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтіп, рухани жан дүниені оятып, ақылшы серік болып табылатын құрал.

Кітап – дегеніміз тілсіз тәрбиешіміз, адамға бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін жан азығы, сырласушы досы бола алады. Кітап – ең керемет ғажайып зат. Сендер қолдарыңа кітап алсаңдар, әппақ қағазға жазылған түрлі белгілерді көресіңдер, сендер ол құпияны ашуға асығасыңдар. Кітапты оқыған сайын керемет ғажайып құбылыстарға тап боласыңдар, көз алдарыңа әртүрлі оқиғалар елестейді. Сендер білмейтін адамдар өзі туралы айтып, кітап тілімен сөйлеседі.

Ал енді ғаламторға келетін болсақ, ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың дамыған уақытында біз қаласақ та, қаламасақ та баланы компьютерсіз, ұялы телефонсыз, елестесу қиын

болса, бүгінгі тіршілікті ғаламторсыз елестету тіптен де мүмкін емес.

XXI ғасыр –компьютер заманы. Сондықтан өскелең ұрпақты виртуалды әлемді жан-жақты меңгергеніне қуанамыз. Ғаламтордың арқасында қазіргі ел орталығы мен шет аймақтар арасына алшақтық жойыла түсуде. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» да ғылыми-танымдық ізденістеріңізге көмекші болатын да осылар.

Алайда таяқтың екі ұшы болады дегендей, ғаламтордың да пайдасы мен қатар зияны да жетерлік. Алайда ғаламторды жақсы немесе жаман болуы оны қалай қолдануымызға байланысты екенін ұмытпайық. Міне, біздің бүгінгі дебат сайысымыз бүгінгі күнде қарқындап дамып келе жатқан компьютердің, қоғам арасында кеңінен қанат жайып кеткен ғаламтор төңірегінде және де адам баласының жан азығы ерте заманнан адамды білімге жетелеген кітап болмақ. Алдымен осы кітап және ғаламтордың пайда болуы жайлы топ басшыларына сөз берейік.

**Қорытынды сөз:** ХХІ ғасырдың басы адамзаттың индустриялық эрадан информациялық ерекшеленеді. Осыған байланысты информацияны ала білу, оны өңдеу және күнделекті істе пайдалану өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады. Қазіргі заман адамының денсаулығы тек сыртқы орта әсерлеріне ғана тәуелді емес, оның өз дене тәрбиесіне деген қатынасына да тығыз байланысты екені белгілі. Денсаулықты сақтау мен жақсартудағы оқу орындарының ролі жоғары екені ешқашан да талас тудырмайды. Сондықтан да кіші жастан балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру барысында олардың денсаулықтарына зиян келтірмеу, тиісті ережелерді сақтау басты міндетіміз. Сонымен қатар кітап оқуға талпыну қажет. Кітап ең керемет ғажайып зат. Әлемдегі қызықтың бәрін, қоршаған ортаны, жаратылыс сырларын, табиғат ғажайыптарын кітаптан табуға болады. Әлемдегі қызықтың бәрін, қоршаған ортаны, жаратылыс сырларын табиғат ғажайыптарын, адам қолымен жасалған кереметтің бәрін кітаптан табуға болады. Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауға теңдесі жоқ қару болып табылады.

Әбіш Кекілбаев атамыз айтқандай «Адамды адам еткен- кітап »

Оқысаң, адам боласың

Ізденсең білімді боласың

Үйренсең талапты боласың- деп алтын

уақыттарыңызды бөліп ой бөліскендеріңізге үлкен рахмет

# Х А Т Т А М А

|               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Тақырыбы:     | Ғалымдар кімнің арасында аламы? /дебат/ 9-сипптермен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Мақсаты:      | Ғалымдар және кімнің туралы мағлұмат бере отырып тақырыптың үйреніп, талашпен талашуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Жұмыс түрі    | дебат /ікір-талас.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Барысы:       | Ғылымдары кезеңі. Мақсаты - мен талашпен қатармен Оқушылармен сарашылармен талаштың кімнің және Ғалымдардың қысқаша мағлұматтар айту арқылы ортаға сұрат тастау. Мұнда оқушылар өз бейнесін Ғалымдар мен кімнің пайдалану мен зияны туралы пікірлерін айтты. Бір-біріне сұрақтар қойды. Тақырыптың пікірімен көзге түскен оқушылар: Абдрахман Аружан, Қыдырбек т, Асербек Н, Қорғандықов және Оқушылардың тақырыптың үйреніп, талашпен талашуға үйрету. Сарашылардың Ғылым арасында өз ойын айтты. 16-жыл. қорығында Абдрахман А. Қыдырбек т Асербек Н. Бағдыбай М. марапатталды. |
| Қорытынды сөз | 25.11.2021ж.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| мерзімі       | кімнің қолымен. Оспанов, М.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Жауапты       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |



„Ғаилемтор к'молтма,  
 аялмостор ала мо?  
 дебам (nikir - талас).  
 9- сыныптар оқушыларымен